

Жергілікті маңызы бар "Эбита" мемлекеттік табиғи қамалының аумағында шаруашылық қызметтерді шектеу туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 297 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қазанда № 3652 болып тіркелді

Ақтөбе облысының ерекше табиғи кешендерін сақтау, қалпына келтіру және одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңының 68-бабының 1-тармағына, 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 122-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті маңызы бар «Эбита» мемлекеттік табиғи қамалының аумағында егер мемлекеттік табиғи қамалы объектілерінің сақталуына қауіп төндірген жағдайда, жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың кез-келген қызметіне жол бермеу және шаруашылық қызметтеріне шектеу енгізу, с о н ы м е н қ а т а р :

жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге; мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар е н г і з у г е ;

жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін зәрлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

15 сәуірден 1 қыркүйекке дейін кәсіпшілік балық аулауға; атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға; пайдалы қазбалар өндіруге;

әуесқойлық (спорттық) және кәсіпшілік аң аулауға; радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;

1 мамырдан 1 тамыз аралығында шопандардың иттерін байлаусыз қоюға; жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге жол б е р і л м е й д і .

2. Қарғалы ауданының әкімі, «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі жергілікті маңызы бар «Эбита»

мемлекеттік табиғи қамалының аумағында қажетті шаралар қабылдасын:
жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне
ауыртпалық белгілеу жөнінде;
барлық жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар мен табиғат
пайдаланушылардың шаруашылық қызметтеріне салынған шектеулермен таныстыру
ж ө н і н д е .

3. «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу
басқармасы» (бұдан әрі - Басқарма) мемлекеттік мекемесі осы қаулыны басқарманың
ғаламтор-ресурсында жариялауын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р. К.
К е м а л о в а ғ а жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов